

Білім беру ұйымы : «Адося» жеке балабақшасы  
Топ/сынып: Ересек топ «Жұлдыз»  
Балалардың жасы: 4 жастағы балалар  
Жоспардың күрүлу кезеңі: Наурыз айы 2024 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b> Колды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иыктарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Екі колды белгे қойып, онға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Онға, солға еңкею, шалқаю. Түргеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқаңсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b> жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындаі отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіру гимнастикалық қабырғаға жогары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелуеу, 20–25 сантиметр биіктікten секіру, допты кедергілер арқылы бастаң асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); қырлы, көлбей тақтай бойымен (ені 2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; орнында айналу;</p> <p><b>Ірғақтық жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау</p> <p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; онға, солға бұрылу.</p> <p><b>Кимылды ойындар.</b> Кимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерінсаналы түрде сактауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенделілігін дамыту.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b> Құлап қалған кезде өзіне карапайым көмек көрсетуғе, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.</p> <p><b>Дербес кимыл белсенделілігі:</b> Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауга, кимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке</p>

ерекшеліктерін ескере отырып, ағзага түсетін салмақты реттеу. Ая-райының жағдайларын ескеріп, таза аудада балалардың кимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.

### **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамактанар алдында, дәретханага барғаннан кейін, ластанган кезде қолды өз бетінше сабынмен жууга, тісін тазалауга үрету. Таракты, кол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Тамактану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамактаның болғаннан кейін ауызды шаюды пысықтау.

### **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту дағдыларын дамыту.

### **Сауыктыру-шынықтыру шаралары:**

Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамактанғаннан кейін ауызды шаюды. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді.

Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту

### **Сөйлеуді дамыту**

#### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту  
Сөздік кор.

Балаларды казак халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үрету арқылы үлкендерді сыйлауга, дастархан басында әдептілікте сақтауга баулу.

#### **Тілдің грамматикалық құрылымы**

Зат есімдерді сынесімдермен байланыстыруға үрету

#### **Байланыстырып сойлеу.**

Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналанауга үрету.

### **Көркем адебиет**

Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.

### **Қазак тілі**

#### **Тілдік дамытушы орта**

Сөйлесу барысында әнгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу

#### **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алушы, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей

	<p><b>білуді дамыту.</b> Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуга баулу.</p> <p><b>Сөздік кор</b> Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкестурлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуга баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сойлеу</b> Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуіне мүнкіндіктер беру.</p> <p><b>Сан, санау:</b> Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауга «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауга, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үрету. 5 көлемінде тұра және кері санауға жаттықтыру.</p> <p><b>Шама:</b> Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> сойлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту (ұзындау-қысқалау, кендеу-тарлау).</p> <p><b>Кеңістіктегі бағдарлау:</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, онға-солға, жоғары-төмен), заттарды он қолмен солдан онға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдында үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертен» туралы ұғымдарын көңейту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір- біріне арақатынасын беруді пысықтау.</p> <p>«құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сактауды қалыптастыру.</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу. Дайын мұсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру.</p>

Жапсыру	<p>Қазак халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, коржынмен таныстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолакқа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау.</p>
Құрастыру	<p><b>Құрылым материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру:</b>      Ұжымдық құрастыруға қызыгуышылдықтарты ояту, түрлі құрылымдық тасілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылышты талдауды үйрету.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b>      «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды дамыту.</p> <p><b>Табиги, қалдық материалдардан құрастыру:</b>      Қазак халқының табиги материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (кубі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.</p>
Музыка	<p><b>Музыка тындау:</b>      Әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тындау.</p> <p><b>Ән айту:</b>      Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b>      Музыканың көнілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b>      Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап домбыраны қолдану, қарапайым әуендерді ойнауын дамыту</p> <p><b>Билер:</b>      Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шенбер бойыменән айтып журу, қимылдарды өзгерту, шапшандық пен ептілік таныту</p>
Коршаган ортамен таныстыру	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b>      Өзін құрметтеуге, өз кадір-касметін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әнгімелуу</p> <p><b>Заттық әлем:</b>      Қазак халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b>      Көліктегі жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Еңбекке баулу</b>      Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b>      Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b></p>

**Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және маңтаныш сезімін ояту.**

**Жолда жұру ережелері.**

Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сактауга үйрету.

**Өлі табигат құбылыстары мен заттары.**

Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстаниң түрлі аймактарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру.

**Осімдіктер алемі.**

Осімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қосыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту.

**Жануарлар алемі.**

Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән коріністерді: коктемде кобелектер, қозыздардың пайда болуы, құстардың кобеюі, олардың сайрауы, шықылыштауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шыгаруы

**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын мәнгеруіне ықпал ету.**

Коршаган ортада, табигатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).